

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 наурыздағы N 150б қаулысы

Бюджеттік қаражатты ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 448-қосымшада:

079 "Лицензиарлардың функцияларын орындау" деген бағдарламада:

6 - тармақтың кестесінде:

5-бағандағы "(4000 лицензияға дейін) жүргізу." деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы сөйлемдермен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының өңірлеріне 10 адамға дейін бригадамен шыға отырып, Денсаулық сақтау министрлігі орталық аппаратының сарапшы мамандарын тартумен лицензиаттардың қызметін лицензиялаудан кейінгі бақылауды жүргізу. Мемлекеттік лицензияларды Қазақстан Республикасының өңірлеріне арнайы байланыспен (айына 3 рет) жіберу. Сотта Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мүддесін білдіру үшін шарттық негізде заңгерлерді тарту."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі